

"Текелі қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамын дағдарыстан шығару жөніндегі қосымша шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 сәуірдегі N 698 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 сәуірдегі N 381 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.23 N 381 Қаулысымен.

"Текелі қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамы "РР Казахстан-торговля и финансирование ЛТД" бірлескен кәсіпорнының басқаруына берілген болатын. Басқарушы компания өзінің келісім-шарттық міндеттемелерін орындауды қамтамасыз еткен жоқ. Нәтижесінде комбинат 1024 млн. теңге несиелік берешегі және 42 млн. теңге дебиторлық берешекпен ауыр қаржылық-экономикалық жағдайға тап болды. Комбинат қызметкерлеріне төленбеген жалақы 96 млн. теңгеге жетті.

"Текелі қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамының төлем қабілетін қалпына келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қ а у л ы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

"Текелі қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамын заңда белгіленген тәртіппен төлем қабілеті жоқ борышкер деп танысын және соттан тыс оңалту рәсімдеріне кіріссін:

М.Ж.Бітімбаевты "Текелі қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамының мүлкі мен ісін оңалтушы-басқарушы етіп тағайындасын және онымен 1-қосымшаға сәйкес қаржы-экономикалық нәтижелерге қол жеткізуге міндеттілік шартымен келісім-шарт жасассын;

бір апта мерзімде "РР Казахстан-торговля и финансирование ЛТД" бірлескен кәсіпорнымен "Текелі қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамының мүлкін басқаруға жасалған келісім-шартты бұзу туралы шаралар қабылдасын;

он күн ішінде 2-қосымшаға сәйкес Қаратал СЭС-ін қажетті электр желілерімен және кіші станцияларымен бірге, оларды "Талдықорған электр станциялары" және "Талдықорған таратушы электр желілері компаниясы" акционерлік қоғамдарының құрамынан бөліп, "Текелі қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамына заңда белгіленген тәртіппен беру жөнінде ш а р а л а р қ а б ы л д а с ы н ;

бір апта мерзімде "Текелі қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамының құрамынан қосалқы шаруашылық пен профилакторийді бөліп шығару жөнінде белгіленген тәртіппен шаралар қабылдасын және "Шағын кәсіпкерлікті дамытуға мемлекеттік қолдауды күшейту және оны жандандыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 6 наурыздағы N 3398 U973398_ Жарлығына сәйкес оларды конкурстық негізде сату жөнінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Жекешелендіру жөніндегі департаментіне тапсырма берсін.

2. "Текелі қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамын Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкінің қызмет көрсетуіне берсін.

3. "ТұранӘлем" Банкі" жабық акционерлік қоғамы "Текелі қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамының келісімімен екі күн мерзімде несиелер мен кепілдемелер бойынша берешектерді тексерсін.

4. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкі:
екі күн мерзімде "Текелі қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамының несиелік және дебиторлық берешегінің мөлшерін анықтасын және алғашқы үш айда 3-қосымшаға сәйкес, мақсатты несие беруді қоса алғанда, 1997 жылға 275 млн. теңге сомасында қосымша мақсатты несиелеу жүргізсін;

"Текелі қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамына 1997 жылдың шілдесінде "Шахтықұрылысшы" (Текелі қаласы) акционерлік қоғамы алдындағы 1996 жылдың сәуір-қыркүйек айларындағы еңбекақы бойынша несиелік берешегін өтеу үшін дәрменсіз кәсіпорындарды санациялауға көзделген республикалық бюджет қаражатының есебінен 15 млн. теңге сомасында қосымша мақсатты несиелеу жүргізілсін;<*>

келесі айға несие ресурстарын бөлуді өткен айдағы келісім-шарттың шарттары орындалған жағдайда жүзеге асырсын;

бір апта мерзімде "Текелі қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамының несиелер және кепілдіктер бойынша "ТұранӘлем" Банкі" жабық акционерлік қоғамына берешегін қабылдасын.

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ үшінші абзацпен толықтырылды - ҚРҰ-нің 1997.07.11. N 1100 қаулысымен. P971100_

5. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі мемлекеттік Медетші банкімен бірлесіп "Текелі қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамының шахталық суағызғысын жұмыс істетуге және қаржыландыру жөнінде ұсыныс енгізсін.

6. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті бір ай мерзімде бюджетке төлемдер бойынша қолданылып жүрген заңдарға сәйкес "

Текелі қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамына мұрсат беру мүмкіндігін қарастырсын.

7. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі: он күн мерзімде "Қазмырыш" және "Шымкент қорғасын зауыты" акционерлік қоғамдары үшін "Текелі қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамының мырыш және қорғасын концентратына монополияға қарсы заңдарға сәйкес белгіленген баға қою мүмкіндігін қарастырсын;

бір апта мерзімде Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігімен бірлесіп "Родниковое" кен орнынан кен тасымалдауға арнап жеңілдікті тарифтерді қолдану жөнінде ұсыныс енгізсін.

8. Қазақстан Республикасының Энергетика және табиғи ресурстар министрлігі:

1997-1998 жылдары "Родниковое" кен орнында геологиялық-барлау жұмыстарын республикалық бюджеттің қаражаты есебінен қаржыландырсын;

"Текелі қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамын "Родниковое" кен орны бойынша геологиялық ақпараттар құнын төлеуден босатсын;

пайдалану бапқа келтірулерін қайта қарасын және "Текелі қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамының "Текелі" кен орнында кенді іріктеп өңдеу туралы мәселені қарасын.

9. "Төлем жасауға қабілетсіз кәсіпорындарды Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкіне беру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 12 мамырдағы N 656 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 17,

194-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкіне берілген төлем жасауға қабілетсіз кәсіпорындардың тізбесі:

"Текелі қорғасын-мырыш комбинаты" АҚ толықтырылсын.

10. "Текелі қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 28 қыркүйектегі N 1187 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1997 жылғы 30 сәуірдегі

N 698 қаулысына

1-қосымша

**"Текелі қорғасын-мырыш комбинаты" АҚ-да 1997 жылдың
үш айында шығарылған тауарлық өнім**

Атауы			і Тауарлық өнім, і млн. теңге	
1	і	2		

1997 жылғы мамыр

"Текелі" кен орны

Қорғасын концентраты	178х30000	5.34
Мырыш концентраты	238х34000	8.092
Концентраттағы күміс	125х8000	1.0

"Тұйық" кен орны

Қорғасын концентраты	621х30000	18.63
Концентраттағы күміс	200х8000	1.6

"Родниковое" кен орны

Қорғасын концентраты	140х30000	4.2
Концентраттағы күміс	50х8000	0.4
Басқа өнімдер	1.0	
Жиынтығы	40.26	

1997 жылғы маусым

"Текелі" кен орны

Қорғасын концентраты	140х30000	4.2
Мырыш концентраты	255х34000	8.68
Концентраттағы күміс	84х8000	0.672

"Тұйық" кен орны

Қорғасын концентраты	483х30000	14.49
Концентраттағы күміс	180х8000	1.44

"Родниковое" кен орны

Қорғасын концентраты	420х30000	12.6
Концентраттағы күміс	100х8000	0.8
Басқа өнімдер	1.0	

Жиынтығы	43.884
----------	--------

1997 жылғы шілде

"Текелі" кен орны

Қорғасын концентраты	161х30000	4.83
Мырыш концентраты	415х34000	14.117
Концентраттағы күміс	97х8000	0.776

"Тұйық" кен орны

Қорғасын концентраты	483х30000	14.49
Концентраттағы күміс	180х8000	1.44

"Родниковое" кен орны

Қорғасын концентраты	12.6
Концентраттағы күміс	0.8
Басқа өнімдер	1.0

Жиынтығы	50.053
----------	--------

Барлығы	134.199
---------	---------

Үкіметінің
1997 жылғы 30 сәуірдегі
N 698 қаулысына
2-қосымша

"Текелі қорғасын-мырыш комбинаты" АҚ-ның құрамына
"ТРЭК" АҚ-мен берілетін қосалқы станцияларымен
желілер

ВЛ 110 кВ N 154 шинадан 110 кВ ОЭО-2 N 153т қ/с дейін
ВЛ 35 кВ N 4 ОЭО-2 қ/с-нан КГЭС қ/с дейін
ВЛ 35 кВ N 6 КГЭС қ/с-нан N 163т қ/с-нан дейін
ВЛ 35 кВ N 8 N 163т қ/с-нан N 153 қ/с дейін
ВЛ 35 кВ N 1 N 163 қ/с-нан N 161 қ/с дейін
N 2 қ/с-нан N 153 қ/с-нан N 161 "Текелі" руднигі қ/с дейін КГЭС
35/6 қ/с
ОРУ 35/6 трансформатормен N 163 қ/с
153 қ/с трансформатормен 15000 ква 110/35/6 кВ

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 30 сәуірдегі
N 698 қаулысына
3-қосымша

"Текелі қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамын
мақсатты несиелендіру
К Е С Т Е С І

—	Атауы	і Сомасы, і млн. теңге
—	1	і 2
—		

I. 1997 жылдың мамырында өндіріске кететін шығындар мен
борыштарды өтеу

1. Барлық кен орындары бойынша өндіріске кеткен негізгі шығындар

Босалқы бөлшектер	15.0	
Айналым қаражаты	13.5	
"Тұйық" кен орнынан кенді тасымалдау		5.0
"Родниковое" кен орнына кенді темір жол көлігімен тасымалдау	3.2	
Кенді өндіру жөніндегі қызметке төлем	6.2	
Электр энергиясы	8.0	
Жиынтығы	50.9	

2. Қарыздарды өтеу:

1996 жылғы мамыр-шілде айларындағы жалақы жөніндегі қарыздары өтеу	26.0	
Өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін адамдарға төлем	6.0	
Сот шешімі бойынша комбинат жұмысшыларының талап-арыздарын қанағаттандыру	10.0	
Табыс салығын төлеу	3.0	
Әлеуметтік сақтандыру қорына аудару		9.0
Жиынтығы	54.0	

I транш жиынтығы 104.9

II. 1997 жылдың маусымында өндіріске кететін шығындар
мен борыштарды өтеу

Барлық кен орындары бойынша өндіріске кететін
негізгі шығындар

Тұйық 11.7

Текелі (су ағызбай)	22.3
Родниковое	14.0
Басқалар	1.0

Жиынтығы 49.0

2. Қарыздарды өтеу:

1996 жылғы тамыздағы жалақы жөніндегі борыштарды өтеу	12.0	
Әлеуметтік сақтандыру қорына аудару		5.0
Табыс салығын төлеу	20	

Өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін адамдарға төлем 8.0

Жиынтығы 27.0

II транш жиынтығы $(27.0 + 49.0 - 43.9)$ 32.1

III. 1997 жылдың шілдесінде өндіріске кететін шығындар мен борыштарды өтеу

1. Барлық кен орындары бойынша өндіріске кететін негізгі шығындар

Тұйық	11.7
Текелі (су ағызбай)	27.1
Родниковое	14.0
Басқалар	1.0

Жиынтығы 53.8

2. Борыштарды өтеу:

1996 жылғы қыркүйектегі жалақы жөніндегі борыштарды өтеу	12.0	
Әлеуметтік сақтандыру қорына аудару		3.8
Табыс салығын төлеу	1.5	

Өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян
үшін адамдарға төлем 3.0

Жиынтығы 20.3

III транш жиынтығы $(20.3 + 53.8 - 50.0)$ 24.1

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК